

## "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 742 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 наурызда № 5424 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 835 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 24.06.2016 № 835 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Сәрсенбаев

2016 жылғы " 19" ақпандағы  
Шиелі ауданы әкімдігінің  
№ 742 қаулысымен бекітілген

## **"Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзіреті шегінде мәдениет және тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомстволары бар:

- 1) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шиелі аудандық мәдени-шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
  - 2) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шиелі аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
  - 3) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Ы.Жақаев атындағы күріш өсіру тарихы музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
  - 4) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Н.Бекежановтың мемориалдық өнер музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
  - 5) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Нартай өнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны.
3. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Укіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанталары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бүйректарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120700, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі № 3.

10. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі:

1) дүйсенбі мен жұма аралығында 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін. Сағат: 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс);

3) сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

11. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудан бюджетінен жүзеге асырылады.

14. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. Міндеттері:

1) ұлттық мәдениетті өркендешу, сақтау, дамыту әрі тарату;

2) ауданың мәдени-рухани дамуының жетістіктері мен ұлгілерін насиҳаттауға бағытталған мәдени шаралар жүргізу;

3) мемлекеттік және Қазақстанда бар басқа да тілдердің қолдануы мен одан әрі дамытылуының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

17. Функциялары:

1) театр, музыка және кино өнері, кітапхана және мұражай ісі, мәдени-демалыс қызмет саласында ауданың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын

құрады, сондай-ақ олардың қызметін қолдауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

2) жергілікті маңызы бар тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) ауданың сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізу ді жүзеге асырады;

4) ауданың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

5) өз құзыretі шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

6) ауданың мәдени мақсаттағы объектілерінің күрделі жөндеу жұмыстары мен күрделі шығыстары бойынша тапсырысшы болады;

7) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын қолдайды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді;

8) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

9) облыстардың атқарушы органдарына ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 18. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға және алуға;

құзыretі шегінде құқықтық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2) жеке және заңды тұлғалардың жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге, қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

19. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Шиелі ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан эрі - Бөлім) басшысының өкілеттілігі:

- 1) бөлімнің жұмысын ұйымдастырады әрі оған басшылық жасайды, бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауап береді;
- 2) бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;
- 3) бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 4) заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;
- 5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда бөлімді білдіреді;
- 6) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;
- 7) ведомостволық бағынысты мекеме, кәсіпорын басшыларын заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 8) бөлімдегі сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыйайлар жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;
- 9) гендерлік тенденциялардың жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Заңды тұлға мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлға мен тиісті саланың уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлғаның әкімшілгі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

23. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

"Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**"Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі және оның ведомстволарының тізбесі:**

1) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шиелі аудандық мәдени-шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

2) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шиелі аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Ы.Жақаев атындағы күріш өсіру тарихы музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

4) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Н.Бекежановтың мемориалдық өнер музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5) "Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Нартай өнер

мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК